

Ақталған адамға бірыңғай үлгідегі куәлік беру қағидаларын, ақталған адамның куәлігінің үлгісін бекіту және "Саяси қуғын-сүргінге ұшырап ақталған адамдарды куәлікпен қамтамасыз ету тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қазандағы № 1055 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 184 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 наурыздағы № 127 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 18 және 24-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Ақталған адамға бірыңғай үлгідегі куәлік беру қағидалары;
- 2) Ақталған адамның куәлігінің үлгісі бекітілсін.

2. "Саяси қуғын-сүргінге ұшырап ақталған адамдарды куәлікпен қамтамасыз ету тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қазандағы № 1055 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2015 жылғы 2 сәуірдегі  
№ 184 қаулысымен  
бекітілген

**Ақталған адамға бірыңғай үлгідегі куәлік беру қағидалары**  
**1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.11.2020 № 745 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы Ақталған адамға бірыңғай үлгідегі куәлік беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 18-бабына сәйкес әзірленді және ақталған адамға бірыңғай үлгідегі куәлік беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақтау туралы анықтама - Заңда айқындалған жағдайларда және тәртіппен прокуратура органдары, сот беретін құжат;

2) ақталған адам - заңға сәйкес ақталған адам;

3) ақталған адамның куәлігін беру жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары.

## **2-тарау. Ақталған адамның куәлігін беру тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.11.2020 № 745 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Ақталған адамға бірыңғай үлгідегі куәлік беру туралы өтінішті (бұдан әрі - өтініш) саяси қуғын-сүргінге ұшырап ақталған адам өзі не өкілі (бұдан әрі - өтініш беруші) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға береді.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) ақтау туралы анықтама не сот ұйғарымының (қаулысының) көшірмесі;

3) өкілі арқылы жүгінген жағдайда - оның өкілеттіктерін растайтын құжат.

Салыстырып тексеру үшін құжаттың төлнұсқасы және көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

Өтінішті тіркеу ақталған адамның бірыңғай үлгідегі куәлігін (бұдан әрі - куәлік) алуға үміткер адамдарды тіркеу журналында жүзеге асырылады. Өтініштің тіркелген күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген өтініштің жырtpалы талоны өтініш берушіден құжаттар топтамасының қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

4. Уәкілетті орган өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде куәлік беруді есепке алу журналына белгі қоя отырып, өтініш берушіге куәлікті береді.

5. Куәлік жоғалған және/немесе бүлінген жағдайда, ақталған адам осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен уәкілетті органға

жүгінеді. Өтініштің тіркелген күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген өтініштің жырtpалы талоны өтініш берушіден құжаттар топтамасының қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

6. Уәкілетті орган өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, "телнұсқа" мөртаңбасы басылатын куәліктің телнұсқасын береді.

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2015 жылғы 2 сәуірдегі  
 № 184 қаулысымен  
 бекітілген

Ақталған адамның  
 куәлігінің үлгісі  
 Куәліктің алдыңғы беті  
 Қазақстан Республикасының  
 Елтаңбасы  
 Герб  
 Республики Казахстан  
 Ақталған адамның  
 КУӘЛІГІ  
 УДОСТОВЕРЕНИЕ  
 реабилитированного лица  
 Куәліктің ішкі жағы

<p>_____</p> <p>Куәлікті берген уәкілетті органның атауы</p>	<p>Куәлікті ұсынушы адамның "Жаппай саяси куғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарға құқығы бар.</p>
<p>_____</p> <p>Название уполномоченного органа</p>	<p>Куәліктің мерзімі белгіленбеген және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында колданылады.</p>
<p>_____</p> <p>выдавшее удостоверение          КУӘЛІК          сериясы _____ № _____          серия          УДОСТОВЕРЕНИЕ</p>	<p>Берілген күні 201_ ж. " _ " _____          М.О. _____          Уәкілетті орган басшысының қолы          Предъявитель удостоверения имеет право на льготы и преимущества, установленные Законом Республики Казахстан "О реабилитации жертв массовых политических репрессий".</p>
<p>ФОТО</p>	<p>Удостоверение бессрочное и действует на всей территории Республики Казахстан.</p>
<p>М.О./М.П.</p>	<p>Дата выдачи " _ " _____ 201_ г.          _____          М.П.          _____          Қолы / Подпись _____          Подпись руководителя уполномоченного органа</p>

Ақталған адамға бірыңғай  
 үлгідегі куәлік беру қағидаларына  
 және ақталған адамның  
 куәлігінің үлгісіне  
 қосымша

\_\_\_\_\_ (уәкілетті органның атауы)

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің Т.А.Ә (бар болса))

\_\_\_\_\_ (тұратын мекенжайы)

**Ақталған адамның куәлігін (телнұсқасын) беру туралы өтініш**

"Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес маған жеңілдіктерге құқықты растайтын ақталған адамның куәлігін (куәліктің телнұсқасын) беруді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Ұсынылған құжаттардың төлнұсқалығы үшін құқықтық жауапкершілікті мойныма аламын.

Куәлікті беру үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ (өтініш берушінің қолы)

Құжаттарды: \_\_\_\_\_ қабылдады.  
(құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ (құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

-----  
(ҚИЮ СЫЗЫҒЫ)

Ж Ы Р Т Ы Л А Т Ы Н Т А Л О Н	_____ өтініші қоса берілген құжаттарымен бірге қабылданды, өтінішті тіркеу күні: 20____ ж. " __ " _____ (көрсететін қызметті алу күні өтініш уәкілетті органда тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні) 20____ ж. " __ " _____ _____ _____ _____ _____ _____ күжаттарды қабылдаған адамның ТА.Ә. (бар болса), лауазымы мен қолы
---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК